

## Қазақстан Республикасының аумағындағы бірегей және сирек ландшафттарды сақтау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 474 өкімі

Қазақстан Республикасының аумағындағы ерекше рекреациялық маңызы бар бірегей және сирек ландшафттарды сақтау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Қоршаған ортаны қорғау министрліктері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі:

туризм және рекреацияның мәні ретінде ерекше экологиялық және мәдени құндылығы бар қоршаған орта объектілерін сақтау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

ерекше рекреациялық маңызы бар бірегей және сирек ландшафттардың табиғи экологиялық жүйелерінің жай-күйіне тұрақты бақылау орнатсын, олардың азып-тозуына жол бермесін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

үш ай мерзімде Щучинск-Бурабай курорт аймағы, Медеу және Шымбұлақ шатқалы аумақтарына мемлекеттік табиғи қорық қорының объектісі мәртебесін беру туралы мәселені қарасын және осы аумақтардағы шаруашылық қызметіне тыйым салулар мен шектеулер белгілеу жолымен оларды қорғауды қамтамасыз етсін;

алты ай мерзімде жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық факторларын және мүдделерін ескере отырып, туризм мен рекреацияны дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұтымды пайдалану жөніндегі түбегейлі шараларды әзірлесін;

қорғау аймақтарын қоса, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимінің сақталуын және олардың мақсаты пайдаланылуын бақылау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті